



010000, Астана к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№

09.12.2024 № 5 ге

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11

тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

Тұрақты комиссияның

2024 жылғы 9 желтоқсандағы  
қаулысы

Бас жоспарды, егжей-тегжейлі  
жоспарлау жоспарын,  
астананың  
инфрақұрылымдық даму  
жоспарын іске асыру барысы,  
жер участкерлерін беру тетіктері  
және сыйайлас жемқорлық  
тәуекелдерін болдырмау туралы

Бланк серийлық неміріз жарнамсыз  
Бланк без серийного номера не действителен

Астана қаласы мәслихатының құрылыш, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі – Тұрақты комиссия) Бас жоспардың, егжей-тегжейлі жоспарлау жоспарының, астананың инфрақұрылымдық даму жоспарының іске асырылу барысы, жер участкерлерін беру тетіктері және сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау туралы ақпаратты тыңдалап, талқылай отырып, мыналарды атап өтеді.

Бас жоспар бойынша халықтың болжамды саны 2035 жылға қарай – 2,3 млн. тұрғын, 2025 жылға – 1,48 млн. адам деңгейінде күтілуде. Астана қаласының аумағы өзгеріссіз қалады – 79 733 га. Тұрғын үй қоры 2035 жылға қарай нормада 1 адамға шаққанда 30 ш.м. есепке алынғанда, 68,2 млн. ш.м. болжанады, оның ішінде 2025 жылға қарай 38,4 млн. ш.м. көзделген.

Құрылыштың негізгі перспективалы аудандары Мыңжылдық аллеясы, Тельман тұрғын алабы және Тұран даңғылының батысындағы аудан болып анықталды. Осыған байланысты, жаңа Бас жоспарға сәйкес, ағымдағы 2024 жылды қала аумағын қала құрылышы аймақтарға бөлу бойынша жобалық жұмыстар жалғасуда.

Қалада қайта жаңарту бағдарламасы өзірленіп, іске асырыла бастады, қайта жаңартудың бірінші кезектегі аймақтары анықталды, олардың жалпы ауданы қала бойынша 2 582 га құрайды. Алдын ала есептеулер бойынша алып қоюдың жалпы көлемі 101,3 га аланда 1 988 жер участкесін құрайды.

2035 жылға дейінгі демографиялық есептерді ескере отырып, Бас жоспарда 164 мектеп, 178 балабақша, 93 денсаулық сақтау мекемесінің

құрылышы көзделген. Ағымдағы жылы 23 мектеп, 6 балабақша, 8 Денсаулық сақтау мекемелері құрылыш сатысында; 148 мектеп, 56 балабақша, 63 денсаулық сақтау мекемелері жобалау сатысында;

Медициналық инфрақұрылымды дамыту шеңберінде 2024-2027 жылдар аралығында 12 нысан, оның ішінде 2 перинаталдық орталық, 2 жаңа заманауи көпсалалы аурухана, оның бірі балалар ауруханасы, 3 мемлекеттік және 5 жеке емхана салынады. Қалада барлығы 71 денсаулық сақтау обьектісі бар, оның ішінде құрылыш сатысында 8, жобалау сатысында 63 нысан.

Қазіргі уақытта Астана қаласының көлік жүйесін дамыту жөніндегі кешенді бағдарламаның жобасын әзірлеу жүргізілуде.

Сонымен қатар, Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» ШЖҚ МҚК (Ikotek109 орталығы) ұсынған деректерге сәйкес, құрылыш тығыздалуына байланысты тұрғындар көбінесе тұрғын аудандардың жанында бақтар мен білім беру обьектілерінің жоқтығына шағымданады. Сондай-ақ, тұрғындар оларға білім беру нысандары бар тұрғын ауданды уәде еткен құрылыш салушыларға шағымданады, бірақ қазіргі уақытта бұл участекерде басқа ғимараттар орналасқан.

Сонымен қатар, тұрғындар Бас жоспарға сілтеме жасай отырып, қала бойынша кейбір участекердің өзгеруіне және/немесе сәйкессіздігіне назар аударады.

Көгалдандыру Жарғысы шеңберінде жасыл желектерді мониторингілеу және цифрландыру бойынша перспективалық шаралар ұсынылды, алайда қазіргі уақытта мониторинг үшін өзекті платформа жоқ. Платформа жасыл желектердің жай-күйін тиімді бақылауға, проблемаларды уақтылы анықтауға және оларды шешу үшін қажетті шараларды жедел қабылдауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының құрылыш, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТИ**:

1. Бас жоспардың, егжей-тегжейлі жоспарлау жоспарының, Астананың инфрақұрылымдық даму жоспарының іске асырылуы, жер участекерін беру тетіктері және сыйайлар жемқорлық тәуекелдерін болдырмау туралы ақпарат назарға алынсын.

2. «Астана қаласының сәулет, қала құрылышы және жер қатынастары басқармасы» ММ:

Астана қаласын сумен, электрмен, жылумен жабдықтау, су бұру және газдандыру жүйелерін дамыту жөніндегі жоспарларға қатысты толық ақпарат беру;

әлеуметтік мақсаттағы обьектілерді (медициналық, білім беру, мәдени және т. б.) жоспарланатын салу орындары белгіленетін Картаны дайындау;

ғимараттар мен құрылыштарды бұзуға қосымша шығыстарды болдырмау мақсатында әлеуметтік мақсаттағы объектілерді салуға арналған жер участекерін алдын ала резервке қою;

автомобиль жолдарының астына инженерлік желілерді орналастыруға тыйым салуды енгізуге бағытталған қолданыстағы құқықтық актілерге өзгерістер әзірлеу және оларға бастамашылық жасау туралы ұсыныстар енгізу.

қаланың қоғамдық кеңістігі объектілерін салу кезінде пайдаланылатын материалдардың жіктеуішін әзірлеу жөнінде шаралар қабылдау;

аудан әкімдіктерінің жауапкершілік аймақтарын, «Астана қаласының көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ және аудан шекараларын белгілейтін қызыл сзықтарды көрсете отырып, қала аудандарының б картасын жасау;

Бас жоспардан шағын және орта бизнес объектілерін салу үшін объектінің түрін және оның қабаттылығын көрсету туралы талаптарды алып тастау мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Астана қаласының Жер ресурстарын басқару департаментіне және «Астана қаласының қалалық орта сапасын бақылау басқармасы» ММ Бас жоспар мен қаланың нақты құрылышы арасындағы ағымдағы сәйкесіздіктерге егжей-тегжейлі талдау жүргізуді және оларды жою жөнінде тиісті шаралар қабылдау ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпарат қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде берілсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының құрылыш, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының  
құрылыш, экология, көлік және  
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық  
мәселелері жөніндегі тұрақты  
комиссиясының төрағасы**

B. Сергеев